

Список литературы:

1. Амонашвили Ш.А. Искусство семейного воспитания.
2. Фазлова Н.И. Функционально грамотная личность- стратегическая цель образования.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ СІңІРЕ ОТЫРЫП ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақешова Д.Ж., Сағындықова Т.Д.

ҚММ « Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектеп-интернаты », Қарағанды қ.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру, құнды қасиеттері бар, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек, - дейді белгілі педагог С. Ғаббасов.

Адамгершілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тақырыбы ешқашан ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Адамгершілік-адамның рухани арқауы. Ал моральдік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз- адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік қасиеттің негізі имандылық пен ізеттілікте.

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық қасиеттерді қалыптастыру арқылы оқушының мәдениетін, білімін кеңейтуге болады. Оқушының ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырудың бірден-бір жолы - мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар.

Адамгершілік тәрбие дегеніміз- мақсатты және жүйелі түрде тәрбиеленушінің санасына, сезіміне және тәртібіне қоғамдық тәртіп талаптарына сәйкес адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Бүгінгі таңның талаптарына сәйкес осы міндеттерді жаңаша тұрғыдан шешу қажеттігі туындап отыр. «Саналы тәртіпке тәрбиелеу» түсінігі қазіргі жағдайға сай сапалық жаңа үндестікке ие болуда, яғни әрбір шәкірт адамдық асыл қасиеттерді бағдарлай да бағалай білуі, ізгілік күшіне, қоғамға деген өзіндік көзқарасы және өзінің жеке жауапкершілігі туралы түсінігі мол болуы тиіс. Осылайша саналы тәртіп ұғымы жеке адамның өзіндік қасиеті ретінде айқындалып отыр.

Саналы тәртіпке тәрбиелеуде мұғалімдердің мадақтау мен жазалау, ұялту, көпшілік алдында айыбын бетіне басу шараларын шеберлікпен пайдалануы да табысқа жеткізеді.

Саналы тәртіпке жетудің маңызды шарттарының бірі – оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбие үдерісінің сабақтастығын сақтау. Оқушыларды тәртіпке тәрбиелеуде сынып жетекшісі түсіндіру жұмысының мақсаты-мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы білімді жыл сайын жинақтау, саналы тәртіптің, адамгершіліктің мәнін ашып көрсету және осының негізінде өзінің мінез-құлық жауапкершілігін, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға төзбеушілікті қалыптастыру.

Егер мұғалім өзін адамгершілік тәрбие беру арқылы адам қалыптастыру міндетін өз дәрежесінде атқарып келе жатса, қоғамдағы жат қылықтар қайдан шығып жатыр деген сауал туындауы мүмкін. Мысалы, оқушы мектепке келген кезінде тіл алғыш, жүрегі таза, сезімі пәк болып, өсе не жоғарғы буынға келгенде өзгеріп сала береді. Сол кезде мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті, мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды, неге озбырлық жасауға бейім болып алды деген сұрақтар мазалайды. Әрине, оның себептерін жан-жақты іздеуге болады. Бала тәрбиесіне ата-анасы мен жүрген ортасына мұғалімнің де қатысы бар. Баланың қалыптасуына ықпал етіп, дамуына үлес қосатын мұғалімнің есте ұстар жағдайлары аз емес. Солардың ішінде ең негізгісі – балаға деген жүрек жылуы. Ол қашан да қажет және ешқашан артық болмайды.

Мұғалім тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі адамгершілік құндылықтар болуы керек. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды адамгершілікке, гуманистік жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге,

адамгершілік әдетке, рухани мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады. Заманауи қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.

Адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп жетілген тұлғаның бойындағы әдептілік сипаттар мынадай болуы тиіс:

- өзгелердің мүддесін өз мүддесінен жоғары қойып, кенпейіл болу, тәкаппарлыққа жол бермеу;
- достарының, отбасының сенімін ақтау, жанашырлық таныту - өзгелердің мұң-мұқтажыдығына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету;
- кешірімді болу – ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін кек алудан аулақ болу;
- рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу, жауапкершілік таныту – адал болу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болу;
- өзін-өзі бір қалыпта ұстай білу - өз ойын, сезімін, тілегін, іс-қылықтарын ұстай білу;
- ұқыптылық – қандай іс атқарса да ұқыптылық таныту, еңбек ете білу.

Егер тәрбие құралдары мен әдістері дұрыс таңдалып жүргізілсе, ізгілікті тәрбиенің негізі қаланбақ. Сондықтан тәрбиеленуші жас ұрпақ қоғамдағы кемшілікті білетін, бүгінгіні түсінетін, ертеңіне сенетін, адамгершілік асыл қасиеттерді жоғары бағалайтын иманды, алдына қойған мақсат жолында барлық күштерін жұмсайтын, рухани дүниесі бай болуы шарт.

Әдебиеттер:

1. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. -Алматы.- 1995.- 260 б.
2. Адамгершілік құндылықтарды жеке тұлға бойында қалыптастыру.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ. ЧТО ЭТО ТАКОЕ?

Мыскова Е.В., Черешка Т.Е.
КГКП я/с №15 «Акку», город Караганда

Образование – право каждого человека, имеющее огромное значение и потенциал. На образовании строятся принципы свободы, демократии и устойчивого развития... нет ничего более важного, никакой другой миссии, кроме образования для всех...

Кофи Аннан. 1998

Целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. Принятая стратегия «Казахстан 2050» определила первостепенные цели для развития Казахстана среди которых «...формирование новой социальной модели и создание современных и эффективных систем образования». В становлении личности важнейшее значение имеет образование. Оно обеспечивает не только познание мира, но и развитие индивидуальности человека, его самобытности. Современное государство и общество ставят перед организациями образования и воспитания такие глобальные задачи, как высокий уровень и широкий спектр образовательных услуг, а также доступность образования для всех категорий детского населения.

Долгие годы система образования делила детей на обычных и инвалидов, которые практически не имели возможности получить необходимый уровень знаний для реализации своих возможностей, таких детей не брали в общеобразовательные учреждения.

Всем известно, что все люди с инвалидностью имеют такие же права, как и все остальные граждане нашей Республики. И они должны иметь равные возможности для реализации этих прав, не зависимо от своих особенностей здоровья.

Одним из основных принципов государственной политики Республики Казахстан в области образования является равенство прав всех на получение качественного образования. А это возможно лишь при условии создания в образовательных организациях комфортной образовательной среды для всех категорий учащихся, в которой учебные процессы протекают в наиболее благоприятных условиях.

Инклюзия – это возможность создать такие условия и одна из последних стратегий специального образования. В основу инклюзивного образования положена идеология, которая исключает любую